

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Almaty» Телерадиокомпаниясы» АҚ <https://«Almaty.tv/»>  
Қазақстан Республикасы Сенатының депутаттығына кандидаттарға  
Интернет алаңдарын ұсынудың жалпы шарттары

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы №4 Жарлығына сәйкес, 2023 жылғы 14 қаңтарда Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына сайлау тағайындалды, «Almaty» «Телерадиокомпаниясы» АҚ - желілік басылымның меншік иесі «Almaty.TV» (бұдан әрі-сайт), Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына тіркелген кандидаттарды (бұдан әрі-Кандидат) 2023 жылғы 14 қаңтарға тағайындалған сайлауга қатысушылардың сайлау алдындағы үгіт материалдарын орналастыру үшін телеарна сайтында интернет алаңдарын ұсыну шарттары мен тәртібі туралы (бұдан әрі – үгіт материалдары) хабарлайды.

Сайлау алдындағы үгіт кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталған сәттен басталады және сайлау күніне дейінгі күннің жергілікті уақыты бойынша нөл сағатта аяқталады, осылайша үгіт 2022 жылдың 24 желтоқсанында жергілікті уақыт бойынша 18:00 - дең кейін басталып, 2023 жылдың 13 қантарында 00:00 сағатта аяқталады. Қазақстан Республикасы Сенатының депутаттығына кандидаттардың үгіт материалдарын сайтта орналастыруға арналған жазбаша өтініштер тіркелген Кандидаттардан 2022 жылдың 24 желтоқсанында сағат 18:00-дең кейін жүзеге асырылады және 2023 жылдың 12 қантарында сағат 00:00-ге дейін Алматы қаласы, Ғабдуллин көшесі, 88а үй, 211-кабинет мекенжайы бойынша қабылданады. Қабылдау уақыты сағат 09:00-дең 18:00-ге дейін күн сайын қабылданады. Факсимильді және интернет байланысы арқылы жазбаша өтініштер қабылданбайды.

Сайттың меншік иесі жазбаша өтініш пен Сайт иесі мен Кандидат немесе Кандидаттың уәкілетті өкілі арасында жасалатын шарт негізінде Сайтта Интернет алаңын ұсынады. Үгіт материалдарының саны мен орналастыру кезеңі Кандидаттың не оның уәкілетті өкілінің жазбаша өтінішінде көрсетіледі, содан кейін келісім шартта тіркеледі.

Өтініш Кандидаттардың өтініштерін тіркеу журналында кезекті тәртібімен әрбір жазбаша өтініштің реттік нөмірі мен келіп түскен күнін белгілеу арқылы тіркеледі.

Жазбаша өтінішке мынадай құжаттар қоса берілуі тиіс:

- 1) Кандидаттың тіркелгенін раставтың құжаттың көшірмесі;
- 2) Кандидат өкілінің өкілеттігін раставтың құжаттың көшірмесі;
- 3) өтініш беруші тұлғаның жеке күәлігінің көшірмесі;
- 4) үгіт материалдарының түрі, саны, хронометражы, Сайтта орналастырудың болжамды күні мен уақыты;
- 5) үгіт материалдарының қағазға шығарылған және электронды жеткізгіштердегі мәтіні.

Кандидаттардың үгіт материалдарын Сайтта орналастыру кезектігі жазбаша өтініштердің тусу ретіне қарай не өтініштер бір мезгілде келіп түскен жағдайда жеребе бойынша белгіленеді. Жеребе өткізу тәртібі мен шарттарын Сайт иесі

айқындауды.

Үгіт материалдары Сайт иесіне орналастыру күніне дейінгі 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынылады. Үгіт материалдарында қаржыландыру көздері туралы көрнекі ақпарат және ақпарат берген тұлғаның тегі жазылуы тиіс.

Үгіт материалдарын ұсынған кандидаттар олардың мазмұнын Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сай болуына жауапты.

Сайттың меншік иесі үгіт материалдарын орналастырудан, егер оларда республиканың конституциялық құрылышын құштеп өзгерту, тұтастырын бұзу, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа табынуды қоздыру, зандарда көзделмеген әскерилендірілген құралымдар құру идеялары болса, сондай-ақ оларда Қазақстан Республикасы Сенатының депутаттығына басқа кандидаттардың ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіруге қабілетті ақпарат болған жағдайда бас тартуға құқылы. Үміткер Сайт иесінің талабы бойынша жоғарыда көрсетілген сипаттағы материалдарды растайтын құжаттарды ұсынуға міндetti.

Осы ақпараттық хабарламада көрсетілген Интернет алаңдарын беру шарттары мен тәртібін Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарының талаптарына сәйкес түзетуге болады.

Сайтта үгіт материалдарын орналастыру құны:

- 1) Дайын мақала (2000 таңбадан аспайтын, көлемі 1280x720 пиксель үш фотосуреттен аспайтын) 180 000 (жұз сексен мың) теңге, ҚҚС қосқанда;
- 2) Баннерлер (1 апта) ҚҚС қосқанда 150 000 (жұз елу мың) теңге және 1 ай – 500 000 (бес жұз мың) теңге.  
Сайттың компьютерлік нұсқасындағы баннерлердің өлшемі: 1110x100 (өтпелі).
- 3) Ресми әлеуметтік желілерде – 1 пост үшін TikTok - 50 000 (елу мың) теңге ҚҚС қосқанда; Facebook, Instagram желілеріндегі 1 пост үшін – 40 000 (қырық мың) теңге, ҚҚС қосқанда.

Орналастырылған материалдарды мобильді нұсқада және Desktop-нұсқасында көруге болады. Келісімшарт бойынша Сайтта үгіт материалдарын орналастырганы үшін төлем шот берілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күн ішінде, Сайт иесі берген төлем шоты негізінде жүзеге асырылады.

Барлық материалдар «Үгіт материалы» белгісімен бірге журеді.

«Almaty» Телерадиокомпаниясы  
АҚ-ның Бас директоры



Т.Базарбаев